

**Кәсіптік бағыт-бағдар білім берудің
жұмыс жоспары**

Түсінік хат

Бұл жылдық жоспар жалпы білім беретін мектептегі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби бағдар жұмыстарының мазмұнын айқындайды. Жоспардың негізгі мақсаты – оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде тандауға дайындығын қалыптастыру, кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту, еңбек нарығының сұраныстарымен таныстыру.

Бұл жоспардың мақсаты – оқушылардың кәсіби қызығушылығын жандандырып, әртүрлі мамандық әлемімен таныстыруды қызықты әрі интерактивті форматта өткізу. Әр айдағы іс-шаралар ойын, байқау, шеберлік сабағы, тренинг, экскурсия түрінде ұйымдастырылып, оқушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді.

Кәсіби бағдар жұмыстары оқу бағдарламасына, «ҚР Білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру тұжырымдамасына», сондай-ақ ұлттық тәрбие құндылықтарына сүйене отырып жүргізіледі. Жыл бойы өткізілетін іс-шаралар оқушылардың өзін-өзі тануына, әлеуетін дұрыс бағалауына, болашақта қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді.

Мақсаты:

Оқушыларға мамандық таңдауда бағыт беру, қызығушылығы мен қабілетін дамыту, шығармашылық ойлауын жетілдіру.

Міндеттері:

- Оқушылардың қызығушылығын ояту және мамандықтар туралы көзқарасын кеңейту.
- Кәсіби бағдарды интерактивті әдістер арқылы қызықты етіп ұйымдастыру.
- Оқушы, мұғалім, ата-ана арасындағы байланыс арқылы саналы таңдау жасауға ықпал ету.

Күтілетін нәтиже

Әр оқушының бейімі мен қызығушылығы анықталып, мамандық таңдауда бағыт беріледі. Ата-аналар мен мұғалімдер бірлесе жұмыс істеп, кәсіби бағдар жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі. ЕНТ нәтижелеріне сәйкес қолдау көрсетіліп, мектептің кәсіби бағдарлау сапасы артады.



**Кәсіби бағдар берушінің жылдық жоспары
2025-2026 оқу жылы**

№	Іс-шаралар мазмұны	Сынып	Мерзімі
1	Кәсіби бағдар бұрышын ұйымдастыру.	2-9сынып	Қыркүйек
2	Қызығушылық картасын анықтау.	5-9 сынып	Қыркүйек
3	«Мамандықтар жәрмеңкесі» – әр сынып презентация жасап, бір мамандықты таныстырады.	5–9 сынып	Қазан
4	«Кім болам?» ойыны – оқушылар мамандықты қимылмен, суретпен бейнелейді, басқалары табады.	5–7 сынып	Қазан
5	«Оқушылардың кәсіптік бағдар картасын» толтыру арқылы 8-9 сынып оқушыларының кәсіптік талпыныстарын бақылау.	9- сынып	Қараша
6	«Ата-ана – менің үлгім» әңгіме кеші. Әр оқушы өз ата-анасының мамандығын таныстырады.	5-9 сынып	Қараша
7	Көшбасшылық қабілетті анықтау сауалнамасын алу. Кеңес беру.	9- сынып	Желтоқсан
8	«Мамандық жұлдыздары» квиз ойыны – сұрақ-жауап арқылы мамандықтар әлеміне саяхат.	8–9 сынып	Желтоқсан
9	Оқушылар мен ата-аналар үшін кәсіптік бағдар материалдарын/жаднамаларды, бюллетеньдерді/ дайындау	1-9 сынып	Қаңтар
10	Шеберлік сағаты: түрлі сала мамандары (аспаз, дәрігер, заңгер) тәжірибесін көрсету.	7–9 сынып	Қаңтар
11	Семинар: «Еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар»	8-9 сынып	Ақпан
12	«Армандағы мамандық» сурет көрмесі.	1–4 сынып	Ақпан
13	Колледждер мен ЖОО туралы ақпараттық жәрмеңке.	9–11 сынып	Наурыз
14	Жергілікті кәсіпорындарға, ұйымдарға экскурсия.	8–9 сынып	Наурыз
15	«Менің мамандығым – елімнің болашағы» эссе байқауы.	5–9 сынып	Сәуір
16	«Мамандықтар әлемі» тақырыбында сынып сағаттарын өткізу.	2-9 сынып	Сәуір
17	«Жас кәсіпкер» жобасы – оқушылар шағын бизнес идеяларын таныстырады.	7–9 сынып	Мамыр
18	Жылдық қорытынды есеп, мониторинг жасау.	2-9 сынып	Мамыр

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «ҚР Білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру тұжырымдамасы». – Астана, 2022.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Е.А. Климов. «Человек и профессия: психолого-педагогическое исследование». – Москва, 1996.
4. ҚР Жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламасы. – Астана, 2023.
5. ҚР ұлттық тәрбие құндылықтары негізіндегі оқу-әдістемелік құралдар. – Астана, 2021.
6. Немов Р.С. «Психология» (оқулық). – Москва, 2003.
7. Айтпаева А., Әбенова С. «Кәсіби бағдар жұмыстарының әдістемесі». – Алматы, 2020.

«Ақмола облысы білім басқармасының
Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Гранитный кентінің негізгі орта
мектебі» КММ

КГУ «Основная средняя школа
поселка Гранитный отдела
образования по Зерендинскому району
управления образования Акмолинской
области»

**КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУШІ МҰҒАЛІМНІҢ
2025-2026 оқу жылына арналған**

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Кәсіби бағдар беруші мұғалім: Едигеев Ж.Е.

2025-2026 оқу жылы

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Гранитный кентінің негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУШІ МҰҒАЛІМНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ 2025–2026 оқу жылының жылдық есебі

Кәсіби бағдар беруші мұғалім: Едигеев Жансерик Егизбаевич

Қазіргі таңда оқушыларды ерте жастан мамандық әлемімен таныстыру – олардың болашақта саналы түрде кәсіби таңдау жасауына ықпал етеді. Осыған байланысты 5–9 сынып оқушылары арасында жүйелі түрде кәсіби бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылды

1. Қыркүйек айында 5–6 «Б» сынып оқушыларымен «Мамандықтар әлеміне саяхат» атты қосымша сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты:

- Оқушыларды түрлі мамандықтармен таныстыру;
- Әр мамандықтың қоғамдағы рөлін түсіндіру;
- Қызығушылықтарын анықтау.

Сабақ барысында:

- Суретті карточкалар арқылы мамандықтарды ажырату;
- Топтық жұмыс;
- Сұрақ-жауап және ойын элементтері қолданылды.

Нәтижесінде оқушылар мамандықтарға қызығушылық танытып, өз ойларын еркін жеткізе алды.



2. Қыркүйек айының 22 күні 7–9 сынып оқушыларымен «Болашақта кім боламын?» тақырыбында жүргізілген сауалнама жұмыстары көрсетілген.

Сауалнаманың мақсаты:

- Оқушылардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын анықтау;

– Бейімділіктерін саралау.

Сауалнама нәтижесінде:

– Оқушылардың басым бөлігі әлеуметтік, техникалық және медициналық бағыттағы мамандықтарға қызығушылық танытты;

– Кейбір оқушыларда нақты мақсаттың қалыптасу үстінде екені байқалды.



3. Колледждермен таныстыру жұмыстары

Қазан айының 14 және 21 күндері Ақмола облысы, Көкшетау қаласындағы озық колледждермен таныстыру мақсатында өткізілген сабақтан тыс іс-шара көрсетілген.

Іс-шараның мақсаты:

– Оқушыларды өңірдегі кәсіптік білім беру ұйымдарымен таныстыру;

– Колледждердегі мамандықтар туралы ақпарат беру.

Іс-шара барысында:

– Колледждер туралы мәліметтер берілді;

– Мамандықтар тізімімен таныстырылды;

– Оқушылардың сұрақтарына жауап берілді.

4. mansap.enbek.kz платформасымен жұмыс

2024 жылдың қараша айында 7–9 сынып оқушылары mansap.enbek.kz сайтындағы кәсіби бағдарлау сауалнамасын тапсырды.

Бұл жұмыс:

– Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға;

– Болашақ мамандықты таңдауға бағыт-бағдар беруге көмектесті.



5. «АО "Altyntau Kokshetau" кәсіпорнына кәсіби бағдарлау сапары»

Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімінің «Гранитный кентінің негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 8–9 сынып оқушылары кәсіби бағдарлау мақсатында АО «Altyntau Kokshetau» кәсіпорнына экскурсия жасады.

Сапардың негізгі мақсаты – оқушыларға тау-кен өндірісінің қызметімен танысу, кәсіпорындағы мамандықтар туралы ақпарат беру, өндірістік үрдістерді өз көздерімен көру және болашақ мамандық таңдауға бағыт беру.

Кәсіпорын өкілдері оқушыларға қауіпсіздік техникасы ережелерін үсіндіріп, арнайы қорғаныс құралдары – каска мен жарық қайтарғыш жейделер берді.

Экскурсия кезінде оқушылар карьер аумағын аралап, ауыр жүк асымалдағыш арнайы техникамен танысты. Соның ішінде Caterpillar маркалы үлкен карьерлік самосвалдардың жұмысы көрсетілді. Бұдан бөлек, мамандар өндіріс технологиялары, карьер құрылымы, техникаларды басқару, қоршаған ортаны қорғауға қатысты жұмыстар жайында жан-жақты мәлімет берді. Оқушылар жұмыстардың қаншалықты маңызды әрі күрделі екенін түсініп, тау-кен өндірісіне қызығушылықтарын арттырды.



Сурет 1. Caterpillar ауыр техникасының алдында тұрған оқушылар.



Сурет 2. Экскурсияға қатысқан оқушылар тобы.

Сапар оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Олар көптеген сұрақтар қойып, таңдаған мамандыққа жауапкершілікпен қараудың маңыздылығын сезінді. Кәсіби бағдарлау аясындағы мұндай іс-шаралар жасөспірімдерге болашақ

мамандығын саналы түрде таңдауға көмектеседі.



Сурет 3. Карьер аумағында түсірілген естелік фото.



Сурет 4. Карьер шетінде нұсқаушы түсіндіру жүргізуде.

АО «Алтынтау Көкшетау» кәсіпорнына көрсеткен қолдауы мен жылы қабылдауы үшін алғыс білдіреміз!

6. «Көкшетау молзавод» кәсіпорнына саяхат

Ақмола облысының білім бөлімі Зеренді аудандық білім бөлімі, Гранитный ауылы орта мектебінің 7-9 сынып оқушылары Көкшетау сүт зауытына кәсіптік бағдар беру сапарында болды.

Экскурсияның мақсаты оқушылардың тамақ өнеркәсібі туралы түсініктерін кеңейту және сүт өнімдерін өңдеудің заманауи технологияларымен, еңбек жағдайларымен, өндірістегі сұранысқа ие кәсіптермен таныстыру болды. Келгеннен кейін оқушыларды зауыт қызметкерлері қарсы алып, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау берді.

Содан кейін олар негізгі өндіріс орындарын аралады. Олар шикізатты қабылдау, сапаны бақылау, пастерлеу, гомогенизациялау және дайын өнімді орау туралы білді. Оқушылар сүт, айран, ашытылған сүт, қаймақ, йогурт, ірімшік және басқа да өнімдерді қоса алғанда, кең ауқымды сүт өнімдерін шығаруға мүмкіндік беретін заманауи жабдықтар мен автоматтандырылған өндіріс желілерін көрді.

Мамандар өндірістің түрлі кезеңдерін жан-жақты түсіндіріп, санитарлық нормалардың маңыздылығын және кәсіпорынның экологиялық жауапкершілігін атап өтті. Өнімнің қауіпсіздігі мен стандарттарға сәйкестігі бақыланатын сапа зертханасы ерекше қызығушылық тудырды. Оқушыларға жүргізілген зерттеулер мен осы салада жұмыс істейтін мамандарға қажетті білімдер көрсетілді. Экскурсия соңында Оқушылар тамақ өнеркәсібіндегі

технолог, сапа инженері, лаборант, өндірістік желі операторы, логист сияқты сұранысқа ие мамандықтар туралы білді. Көптеген Оқушылар халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге байланысты мамандықтардың маңыздылығын түсініп, осы салаларға қызығушылық танытты. Көкшетау сүт зауытына саяхаттың тағылымы мол әрі пайдалы болды.

Бұл оқушыларға нақты өндірістік жағдайларды тереңірек түсінуге, мүмкін мансап жолдары туралы білімдерін кеңейтуге және тамақ өнеркәсібінде жұмыс істеу туралы түсініктерін дамытуға көмектесті.

Көкшетау сүт зауытының басшылығы мен ұжымына жылы қарсы алып, қызықты экскурсияға және оқушыларға кәсіптік бағдар беруге қосқан үлестері үшін алғысымызды білдіреміз!



Ата-аналар және 9-сынып оқушыларымен таңдау пәндері бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес таңдау пәндерінің маңыздылығы түсіндірілді. Ата-аналарға пән таңдаудың болашақ мамандық пен оқу бағытын анықтаудағы ролі туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар пәндерді дұрыс таңдаудың маңыздылығы талқыланып, ата-

аналар мен оқушылар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарына жауап алды. Дөңгелек үстел оқушыларға болашақ мамандықтарын саналы таңдауға бағыт-бағдар беруге ықпал етті.



Ақпан айында 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдау – өмір таңдауы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Көкшетау қаласындағы колледждер және ондағы мамандық бағыттары туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, **Казпед колледжі** және **Көпсалалы гуманитарлы техникалық колледж (Гуманитарно технически колледж)** туралы мәліметтер ұсынылды. Оқушылар аталған оқу орындарындағы мамандық түрлерімен, қабылдау ерекшеліктерімен және оқуға түсу талаптарымен танысты. Іс-шара оқушылардың болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.



5-6-сынып оқушыларына «Жұмысшы еңбегі – ел дамуының негізі» атты сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы орны мен маңыздылығы туралы түсінік

аналар мен оқушылар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарына жауап алды. Дөңгелек үстел оқушыларға болашақ мамандықтарын саналы тандауға бағыт-бағдар беруге ықпал етті.



Ақпан айында 9-сынып оқушыларымен «Мамандық таңдау – өмір таңдауы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар Көкшетау қаласындағы колледждер және ондағы мамандық бағыттары туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, **Казпед колледжі** және **Көпсалалы гуманитарлы техникалық колледж (Гуманитарно технически колледж)** туралы мәліметтер ұсынылды. Оқушылар аталған оқу орындарындағы мамандық түрлерімен, қабылдау ерекшеліктерімен және оқуға түсу талаптарымен танысты. Іс-шара оқушылардың болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.



5-6-сынып оқушыларына «Жұмысшы еңбегі – ел дамуының негізі» атты сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы орны мен маңыздылығы туралы түсінік

берілді. Оқушыларға құрылысшы, электрик, дәнекерлеуші, аспаз, механик, жүргізуші және техникалық бағыттағы басқа да мамандықтар туралы шағын ақпарат ұсынылды. Сонымен қатар қазіргі таңда еңбек нарығында жұмысшы мамандықтарына сұраныстың жоғары екендігі айтылды.



«Мамандық таңдау – болашақ кепілі» тақырыбында 8-9 сыныптарда іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға еңбек нарығындағы өзгерістер, сұранысқа ие мамандықтар және заманауи кәсіптер туралы мәліметтер берілді. Атап айтқанда, IT маманы, бағдарламашы, графикалық дизайнер, SMM маманы, инженер, логист және басқа да жаңа бағыттағы мамандықтар туралы ақпараттар ұсынылды. Оқушылар мамандық таңдауда өз қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеру қажеттілігі туралы түсінік алды.



Мамыр айында «Заң саласындағы мамандықтар» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға заң саласына қатысты мамандықтар туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, заңгер, прокурор, адвокат, тергеуші, судья және құқық қорғау саласындағы басқа мамандықтардың ерекшеліктері таныстырылды. Сонымен қатар бұл мамандықтарға қойылатын талаптар мен жауапкершілік туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Қорытынды

Жыл бойы жүргізілген кәсіби бағдар беру жұмыстары оқушылардың мамандықтар туралы білімдерін кеңейтуге, еңбек нарығындағы сұранысқа ие кәсіптермен таныстыруға және болашақ мамандық таңдауға бағытталды. Өткізілген іс-шаралар оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын дамытуға және саналы түрде мамандық таңдауға ықпал етті. Жалпы жылдықта жүргізілген кәсіби бағдар беру жұмыстары өз мақсатына жетті.

Оқушылардың мамандықтар туралы түсінігі кеңейіп, болашаққа деген көзқарасы қалыптаса бастады.

Келесі оқу жылы:

- Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелі жалғастыру;
- Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды арттыру;
- ЖОО және колледждермен байланыс орнату жоспарлануда.